
ЖЕЗ ШАРЛЫ КРАН, ТЕМПЕРАТУРА ДАТЧИГІН ҚОСУҒА АРНАЛҒАН

ZQBV331D15

zencQ


0030/ 12 / 25 KZ




ӨНІМНІҢ СИПАТТАМАСЫ


Толық өтімді жез шарлы крандар жапқыш арматураға жатады және ағынды реттеуге арналмаған.
Олар тұрмыстық мақсаттағы ыстық және суық сумен жабдықтау, жылыту жүйелерінің құбыржолдарында ағынды жылдам жабу функциясын атқарады.
Ағынға гидравликалық кедергі жасамайды.
Шарлы крандарды реттеуші арматура ретінде пайдалануға тыйым салынады.
Корпустың төменгі бөлігінде орналасқан шығу кранға температура датчигін қосуға мүмкіндік береді.


ТЕХНИКАЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕР	
Жапқыштың герметикалығының класы	A
Жөндеуге жарамдылығы	Иә
Номиналды диаметр	1/2"
Номиналды жұмыс қысымы, PN	40 бар
Ең жоғары жұмыс температурасы	100 °C
Ең төменгі жұмыс температурасы	- 10 °C
Қосылу түрі	Бұрандалы
Бұрандалы қосылыс стандарты	ISO288/1
Өтімділік сипаттамасы	толық
Температура датчигін қосуға арналған бұранда өлшемі	M10*1
Температура датчигіне арналған бұранда ұзындығы	8,5 мм





ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕР





КОНСТРУКЦИЯСЫ МЕН МАТЕРИАЛДАРЫ		
1	Үлкен жарты корпус	Жез CW617N
2	Кіші жарты корпус	Жез CW617N
3	Шток	Жез CW617N
4	Жапқыш шар	Жез CW617N
5	Отырғызу сақинасы (2 дана)	Тефлон PTFE
6	Шток тығыздағышы	Тефлон PTFE
7	Шайба	Жез CW617N
8	«Бабочка» тұтқасы	Алюминий
9	Тұтқаны бекіту гайкасы	Тот баспайтын болат AISI201
10	Тығыздағыш сақина	EPDM эластомері
11	Тығын	Жез HPb57-3

ЖҰМЫС ІСТЕУ ПРИНЦИПІ

Кран құрамы жез корпусынан және «бабочка» тұтқасы арқылы басқарылатын жапқыш шардан тұрады.
«Бабочка» тұтқасының айналу күші PTFE тығыздағышы бар шток арқылы жапқыш шарға беріледі.
«Бабочка» тұтқасы штокқа гайка арқылы бекітіледі.
Жапқыш шар тефлоннан жасалған отырғызу сақиналарының арасында орналасады.
Корпустың төменгі бөлігінде температура датчигін орнатуға арналған шығу орналасқан.
Зауыттық жинақтамада бұл шығу тығыздағыш сақинасы бар тығынмен жабылады.

ОРНАТУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Кран кез келген монтаждық қалыпта орнатылуы мүмкін.
2. Кран құбыржолдан түсетін жүктемелерді (иілу, қысу, созылу, бұралу, қисықтық, діріл, патрубоктардың осьтік сәйкес еместігі, бекіткіштердің біркелкі тартылмауы) қабылдамауы тиіс. Қажет болған жағдайда арматураға түсетін жүктемені азайтатын тіректер немесе компенсаторлар қарастырылуы керек.
3. Қосылатын құбыржолдардың осьтік сәйкес еместігі ұзындығы 1 м-ге дейін болғанда 3 мм-ден аспауы тиіс, әрбір келесі метр үшін қосымша 1 мм-ден аспауы тиіс.
4. Муфталық қосылыс тығыздағыш материал ретінде ФУМ (фторопластты тығыздағыш материал) немесе сантехникалық полиамид жіп қолдана отырып орындалуы тиіс.
5. Монтаждау кезінде №2-ден жоғары құбырлы иінтіректі кілттерді қолдануға жол берілмейді. Кілтпен әсер ету тек кранның кіріс патрубогының алты қырлы бөлігіне ғана түсірілуі тиіс.

ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Крандар техникалық сипаттамалар кестесінде көрсетілген қысым мен температура мәндерінде пайдаланылуы тиіс.
2. Тұтқаны бекіту бұрандасы бос күйде болған жағдайда кранды пайдалануға жол берілмейді.
3. Жұмыс ортасының кран ішінде қатуына қатаң тыйым салынады. Қыс мезгілінде жүйе босатылған кезде, жұмыс ортасы жапқыштың артындағы қуыстарда қалмауы үшін кран жартылай ашық күйде қалдырылуы тиіс.
4. Жапқыш шардың отырғызу сақиналарына жабысып қалуын болдырмау үшін, әр 6 ай сайын кранды мәжбүрлі түрде жабу/ашу циклын орындау ұсынылады.

ӨНДІРУШІ

ZUOYOU GLOBAL BUSINESS LIMITED
Өндіріс мекенжайы: Shamen Industrial Area, Yuhuan,Taizhou, Zhejiang, China 317607 (Шамен өнеркәсіптік аймағы, Юхуань қ., Тайчжоу қ., Чжэцзян провинциясы, Қытай)
Шыққан елі: Қытай

zencQ бренді **NEORUBY GmbH** компаниясына тиесілі

NEORUBY GmbH ● Am Hamburger Bahnhof 3, 10557 Berlin, Germany

https://zencq.com/